




# Іскерлік белсенділік индексі

2026 Маусым

**2026 жылғы маусымда іскерлік белсенділік индексі 50,0-ді құрады. Бұл бейтарап деңгейге сәйкес келеді және іскерлік белсенділіктің алдыңғы айдағы деңгейде сақталғанын көрсетеді.**

1-график. Іскерлік белсенділік индексінің (ІБИ) динамикасы




Белсенділіктің жақсаруы құрылыс пен өндіріс салаларында байқалды, мұнда индекстер өсу аймағында қалып, тиісінше **54,4** және **52,5** болды (мамырда – 55,0 және 53,0). Қызмет көрсету секторында индекс төмендеу аймағына өтіп, **49,7** болды (мамырда – 51,5), тау-кен өнеркәсібі мен саудада да теріс серпін тіркелді: көрсеткіштер мамырдағы 49,6 және 49,9-дан тиісінше **46,7** және **48,2**-ге дейін төмендеді.

2-график. Маусым айындағы өңірлер бойынша ІБИ

**11 өңірде іскерлік белсенділік жақсарды.**


Индекстің ең жоғарғы мәні Алматы қаласында (60,4), ең төменгі мәні Ақтөбе облысында (42,3) тіркелді.



# Бизнес-ахуал индексі

2026 жылғы маусымда бизнес-ахуал индексі 8,2 болды. Бизнесі жүргізудің ағымдағы шарттарының да, келешек шарттарының да бағасы төмендеді. Бірақ, ағымдағы да, келешектегі де бизнес шарттары оң бағаланып отыр.

3-график. Бизнес-ахуал индексінің (БАИ) динамикасы\*




\* Қазіргі және болашақ бизнес-ахуалды бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – бизнес-ахуалдың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді

## Кәсіпорындар өнімдеріне сұраныс аздап жақсарды

Сұраныстың жақсаруы өндіріс пен құрылыс салаларында байқалды, ал тау-кен өндіру өнеркәсібі мен саудада төмендеу тіркелді.

Жалпы, респонденттер сұраныс пен коммуникациялардың қолжетімділігін бейтарап бағалады. Бизнесінің қалған факторларға (салық жүктемесі, бизнесі қорғау мәселелері, қаржыландыруға/несиелерге қолжетімділік) берген бағалары теріс деңгейде қалды.

4-график. Сұраныстың өзгеру динамикасы (ЖТ)\* секторлардың әсері



\* Сұранысты бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – сұраныстың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді.


5-график. Бизнес-цикл «сағаты»\*

**2026 жылғы маусымда бизнес-цикл «сағатының» көрсеткіші өсу аймағында қалды.**

Қазіргі бизнес-ахуалды бағалау көрсеткіші оң мәнін сақтағанымен, оның деңгейі 2,2 дейін төмендеді.

Алдағы 6 айдағы бизнес-ахуал бағасы 14,4 болды.

\*Бизнес-цикл «сағаты» берілген уақытта экономиканың циклдің қай фазасында болғанын көрсетеді. Оны құру үшін қазіргі ахуалды (X осі бойынша) және келешек ахуалды (Y осі бойынша) бағалау бойынша деректер қолданылады.



\*\*Қазақстан Ұлттық Банкі есептейтін индекстер елдегі басқа ұйымдар жариялайтын қазақстандық кәсіпорындардың іскерлік белсенділігі бойынша ұқсас көрсеткіштерден өзгеше болуы мүмкін. Бұл айырмашылықтар респонденттер іріктемесінің салалық және өңірлік құрылымындағы ерекшеліктерге, сондай-ақ қолданылатын есептеу әдіснамасының айырмашылықтарына байланысты. Осыған орай, аталған индекстерді тікелей салыстыру үшін емес, бірін-бірі толықтыратын ақпарат ретінде қарастырған жөн.

## ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ

---

<sup>1</sup> Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысушы кәсіпорындар арасында ай сайын жүргізілетін сауалнама нәтижесіне сай дайындалды.

<sup>2</sup> Іскерлік белсенділік индексі жаңа тапсырыстар көлемі, жұмыспен қамту деңгейі, жаңа өнім көлемі, тауарлы-материалдық қорлардың көлемі, жеткізу мерзімі сияқты кәсіпорындар көрсеткішінің жиынтық өзгерісі ретінде есептеледі.

<sup>3</sup> Іскерлік белсенділік индексі есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) пайдаланылады. Ол әрбір көрсеткіш бойынша оң жауап берген кәсіпорындар үлесінің және өзгеріссіз жауаптардың жартысының үлес қосындысы (үлестер салмақтанып есептеледі) ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор саналады.

<sup>4</sup> Бизнес-ахуал индексі (БАИ) есептеуде Ifo неміс зерттеу институтының әдістемесіне сәйкес осы айдағы бизнес-жағдайлардың көрсеткіштері (АЖ) және болашақ 6 айдағы бизнес-жағдайлардың күтілетін өзгерістері (БЖ) бойынша жауаптар теңгерімі (ЖТ) пайдаланылады:

$$\text{БАИ}^* = \sqrt{(\text{ЖТ}(\text{АЖ}) + 200) * (\text{ЖТ}(\text{БЖ}) + 200)} - 200$$

мұндағы, ЖТ – жауаптар теңгерімі

АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай

<sup>5</sup> ЖТ (жауаптар теңгерімі) бизнес-шарттардың өзгеруі туралы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптардың үлесі арасындағы айырма ретінде есептеледі. Кәсіпорындар ұсынылған үш жауаптың біреуін таңдайды: «жақсарды», «өзгерген жоқ» және «нашарлады». Жауаптардың үлесі салмақтана отырып есептеледі.

<sup>6</sup> Ifo зерттеу институты жасаған бизнес-цикл «сағаты» – бұл екі нөлдік сызықтың қиылысуымен төрт квадрантқа бөлінген диаграмма (координаттар жүйесі). Олар іскерлік жағдай тұрғысынан экономикалық циклдің төрт кезеңін білдіреді: көтерілу, өсу, төмендеу, құлдырау. Егер ағымдағы жағдайларды бағалау теріс болса, ал күтулер оң болса – экономикасы көтерілу фазасында, егер ағымдағы жағдайларды бағалау және күтулер оң болса – онда экономика өсу фазасында т.с.с.

<sup>7</sup> Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордың әсерінен тазартылған.

<sup>8</sup> Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазалауға және жалпы қосылған құнды (ЖҚҚ) нақтылауға байланысты өзгерістер болуы мүмкін.

<sup>9</sup> Секторлар бойынша егжей-тегжейлі ақпарат (сұрыптау туралы ақпарат, индикаторлар динамикасы, жауаптардың таралу нәтижелері) дашбордта берілген.